

**«Ақтөбе облысының білім басқармасының Мәртөк аудандық білім бөлімі» ММ
«Родниковка жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
қайта аттестаттау бойынша өзін –өзі бағалау нәтижелерінің қорытындысы**

Родниковка ауылы

Пушкин көшесі , №3 үй

10.01.2025ж

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі – Заң) 59 бабының 4-1 тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Оқу-Ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы 11 қарашадағы «Родниковка жалпы орта білім беру» мектебі» КММ аттестаттау туралы қорытындысын, «Родниковка жалпы орта білім беру мектебі» КММ –нің 2024ж 15.11 күнгі №4 педагогикалық кеңес шешімі, 2024 ж 15.11 №198.1 н/қ бұйрығының негізінде 15.11.2024-10.01.2025 аралығында мектеп қызметіне қайта аттестаттау бойынша кемшіліктерді түзету жұмысы ұйымдастырылып, өткізілді. Аталған жұмысты төменде көрсетілген 2024 ж 02.08 №107 н/қ бұйрығымен бекітілген комиссия құрамы өткізді:

№	Комиссия мүшелерінің ФАӘ	Лауазымы
1	Кундебаев Нурхат Досыбаевич	Мектеп директорының м.а., комиссия төрағасы
2	Абилова Замзагуль Куанышевна	Директордың оқу ісінің орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
3	Кургамбекова Динара Унирбековна	директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, физика пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
4	Ешжанова Ботагоз Сағынышовна	директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, бастауыш класс мұғалімі, комиссия мүшесі
5	Лукьяненко Надежда Ивановна	директордың тәрбие ісі орынбасары, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі комиссия мүшесі
6	Тукибаева Динара Кабыловна	директордың тәрбие ісі орынбасары, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі комиссия мүшесі
7	Муханова Гулгул Есмырзаевна	директордың тәрбие ісі орынбасары, география пәнінің мұғалімі комиссия мүшесі
8	Урдабаева Умитгуль Утеубаевна	директордың шаруашылық ісі орынбасары, комиссия мүшесі
9	Рашитова Ақнұр Рашитқызы	мектеп психологы, комиссия мүшесі

Комиссия құрамы Қазақстан Республикасы Оқу-Ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен анықталған кемшіліктерді жою мақсатында берілген ұсынымдарды негізге ала отырып, жан-жақты зерделеп, талдады.

1. 2023-2024 оқу жылдарындағы 10а, 11 ә сыныптарының оқу жоспарларын ұсыну

2023-2024 оқу жылында ҚР БҒМ 2018жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы №182), (28.082020ж №372) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) оқытылуы қазақ тілінде жүргізілетін 11 сыныптары **(11 ә сыныбы)** үшін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығының 12-қосымшасы, оқытылуы орыс тілінде жүргізілетін 10 сыныптары **(10 а сыныбы)** үшін үлгілік оқу жоспарлары басшылыққа алынып, оқу жұмыс жоспары жасалған. Оқу жұмыс жоспары педагогикалық кеңесте қарастырылып, ата-аналар комитетімен, камқоршылық кеңестің келісімінің шешім қабылданған.

Оқытылуы қазақ тіліндегі 11 «Ә» сыныптарында аптасына 1 сағаттан білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс –қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру, оқушыларды қоғамдағы әдептілік нормалармен таныстыру, коммуникативтік қабілеттерін дамыту үшін «Жаһандық құзыреттілік» пәні; Ұлы Абай Құнанбаевтың шығармаларын толық игерту, Абай поэзиясының күдіретін таныту, ақын шығармашылығын әлем әдебиетімен салыстыру білу, алған білімдері арқылы ақын талантының көркемдік- эстетикалық мәнін игерту мақсатында аптасына 1 сағаттан «Абайтану» курсы; химиялық формулалармен жұмыс жасауға дағдыландыра отырып, есеп шығару барысында тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана білуге үйрету мақсатында «Тіршілік химиясы» аптасына 1 сағаттан; оқушыларды мектеп бағдарламасына сәйкес ауылшаруашылық ғылымдары туралы оқыта отырып, өздік білімдерін кеңейтіп, теориялық білімді практикада қолдана білуге үйрету үшін аптасына 2 сағаттан «Өсімдіктер физиологиясы және биохимия негіздері» сабақтары жүргізілген.

Шахмат сабағы арқылы шығармашыл, дарынды жеке тұлға жетілдіруге жағдай жасау мақсатында дене шынықтыру:спорттық ойындар оқу жүктемесі бойынша «Шахматтан» аптасына 1 сағаттан жүргізілген.

Оқытылуы орыс тіліндегі 10 «А» сыныбына инварианттық компоненттен таңдау пәндері бойынша оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін арттыру, оқушыларға эссе жазуды үйретуде алдын ала дайындық жұмыстарын жүргізу, көркем шығарманы талдап оқу ғана емес, оны шығармадан аражігін ажыратып, көңіл түкпіріндегі ойлары мен сезімдерін қағаз бетіне түсіруге үйрету мақсатында «Сөз мәдениеті» (қазақ тілі мен әдебиеті) аптасына 1 сағаттан; табиғатты жаратылыстану- математикалық тұрғыдан қабылдайтын тұлға қалыптастыру, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, сонымен қатар оқыту арқылы жан-жақты іздену қабілеттерін арттыру мақсатында «Химия – есептер мен жаттығуларда» пәні бойынша аптасына 1 сағат; оқушылардың дұрыс тамақтану бойынша тұрақты білімдерін қалыптастыру мақсатында «Здоровое питание- залог здоровья» аптасына 1 сағаттан; білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс –қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру, оқушыларды қоғамдағы әдептілік нормалармен таныстыру, коммуникативтік қабілеттерін дамыту үшін «Жаһандық құзыреттілік» пәні аптасына 1 рет оқытылған. Шахмат сабағы арқылы шығармашыл, дарынды жеке тұлға жетілдіруге жағдай жасау мақсатында дене шынықтыру:спорттық ойындар оқу жүктемесі бойынша «Шахматтан» аптасына 1 сағаттан жүргізілген.

Қорытынды: ҚР БҒМ 2018жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы №182), (28.082020ж №372) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) оқытылуы қазақ тілінде жүргізілетін 11 сыныптары үшін, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығының 12-қосымшасы, оқытылуы орыс тілінде жүргізілетін 10 сыныптары үшін үлгілік оқу жоспарлары басшылыққа алынып, оқу жұмыс жоспары жасалған. Оқу жұмыс жоспары мектептік <http://rodnikovskaya.martuk.edu.kz/kz> сайтына қайта аттестаттау бөліміне жүктелді.

2. ПМПК қорытындысы мен ұсынысы негізінде мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды арнаулы психологиялық- педагогикалық қолдау (психолог, арнайы педагогтар) жұмыстарын ұсыну.

2022-2023 оқу жылында инклюзивті білім беру бойынша 1 оқушы 5 «А»

сынбының оқушысы Зажурило София тіркеуге алынды. Бұл оқушы ПМК қортындысы бойынша ЗПР және ОНР 3 дәреже. Осы оқушыға жыл бойына мектеп психологі әр түрлі ойындар, дыбыстарды тану, сөйлемдерді нақтылау барысында анкеталар жүргізілді, әдістемелік материалдармен жұмыстар жүргізді. Артикуляциялық жаттығулар жүргізілді. Логикалық ойлауы қанағаттанарлық. Өзіне берілген тапсырмаларды өзі орындауға тырысады. Оқушымен көбінесе сабақта тренингтер жүргізіп, рефлексия жасап тұлға туралы жалпы түсінік берілді, «Менің отбасым» деген тақырыпта шығарма жазылып, оқушы өзінің отбасын салған суреті ұсынылды. Психологтің жүргізілген жұмыс барысында оқушы сөздің грамматикалық құрлымын түсінуге, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыруға аздап кідіреді.

2023-2024 оқу жылында инклюзивті білім беру бойынша 2 оқушы 6 «А» сыныбында Зажурило София (ЗПР және ОНР III степ.) және 2 «Ә» сыныбында Әбдіқадыр Серікбол (ЗПР және ОНР III степ. Фонематически недоразвития речи.) Осы оқушыларға жыл бойына мектеп психологі мен мектеп дефектологі әр түрлі ойындар, дыбыстарды тану, сөйлемдерді нақтылау барысында анкеталармен, әдістемелік материалдармен жұмыстар жүргізді. Артикуляциялық жаттығулар жүргізілді. Софияда өзгерістер байқала бастады. Өзіне берілген тапсырмаларды уақытылы орындайды. Оқушының биссер тоқуға деген ынтасы артып, әңгімелесу барысында сөздердің аздап анықтылығы байқалды. Өзінің жеке пікірі пайда болды. Серікбол психологиялық жағдайы жақсы, ашуға көп беріле бермейді. Серікболдың психологиялық танымдық қабілеттері: Естіп есте сақтау деңгейі жақсы, көріп есте сақтау деңгейі жақсы. Логикалық ойлауы жақсы дамыған. Қабылдауы жақсы дамыған өзіне берілген тапсырмаларды бір, екі қайталағаннан түсінеді өзі орындауға тырысады. Оқушы ұсақ моторикамен жұмыс жасағанды ұнатады. Серікбол агрессия деңгейі калыпты, кейде қобалжу байқалады. Серікбол көпшілік ортада болсын, жеке қалғанда да өзін-өзі ұстауы тұйық, ашыла бермейді, балалармен ойын барысында өзін орташа еркіндікте ұстайды. Алға талпынысы орташа, психологиялық ақыл-есінде ешқандай тежеулер байқалған емес. Мектеп психологінің жүргізген жұмыстары әр түрлі ойындар, дыбыстарды тану, сөйлемдерді нақтылау барысында анкеталар жүргізілді, әдістемелік материалдармен жұмыстар жүргізді. Артикуляциялық жаттығулар жүргізілді. Тәртібінде қиындықтар бар екені байқалды.

2024-2025 оқу жылында инклюзивті білім беру бойынша 3 оқушы 7 «А» сыныбында Зажурило София (ЗПР және ОНР III степ.), 3 «Ә» сыныбында Әбдіқадыр Серікбол (ЗПР және ОНР III степ. Фонематически недоразвития речи.) және 1 «А» сыныбында Керимкулов Алтай (ОНР 3 степень, легкий степень ЗПР). Осы оқушыларға жыл бойына мектеп психологі мен мектеп дефектологі, логопедімен әр түрлі ойындар, дыбыстарды тану, сөйлемдерді нақтылау барысында анкеталармен, әдістемелік материалдармен жұмыстар жүргізді. Артикуляциялық жаттығулар жүргізілді. Софияда өзгерістер байқала бастады. Сөйлеу барысында сөздің аздап нақтылығы байқалады, өзін өзі ұстауы және ұқыптылығы байқалады. Ән орындау қабілеттілігі арттып сыныбында белсенді оқушы қатарында. **3 «Ә» класс оқушысы Әбдіқадыр Серікбол мінезі тұйық, көңіл - күйі тұрақты. Өзіне - өзі қызмет ете алады. Қойылған талаптарды қабылдайды, тәртібі мектеп ережесіне сай. Эмоциялары: мазасыз емес, сабырлы, әр нәрсеге шыдамдылық таныта біледі. Үзілісте де жүгіру, шулау, қатты сөйлеу деген сияқты жаман қылықтарды көрсетпейді. Қоршаған орта туралы түсінігі мол, айналасындағы адамдармен тіл табыса алады, сыныптағы балалармен қарым - қатынасы жақсы, кішіпейіл. Тәртібі жақсы. 1 «А» класс оқушысы Алтайдың білім деңгейі денсаулығына байланысты қанағаттандырылық. Сабақта жеңілдетілген тапсырмалар яғни 1-10ға дейін сандарды тура санай алады, Әріптерді анық айтады, сөйлемді жазғанда катесіз, әдемі жазады. Оқушы барлық сабақты толық меңгерген, сурет салғанда дұрыс орындарында орыналастырады. «Мынау не?», «Дұрыс ата», «Қарап ал да есіне сақта», «Тыңда, қайтала, көрсет» жеке тапсырмалар, жеке жұмыстар жүргізілді. Аптасына 1 рет**

психолог мамандары арнайы ойындар жүргізіп отыр. І тоқсан қорытындысы бойынша Оқушының оқу-тәрбие деңгейі-қанағаттанарлық. Софияның және Алтайдың сөйлеу тілін түзетуде логомассаждар жасау аса маңызды, сондықтан бетке арналған, бет бұлшық еттеріне, ерінге арналаған массаждар жасау аса пайдалы болды. Бет қимылдарын дамыту, тілді қозғалғыш қалыпқа келтіру үшін сабақ арасында дұрыс тыныс алу, дем алу жаттығулары жасалды. Мысалы, «Көбелек ұшыру», «Мақта ұшыру», «Кеме», «Ат қалай шабады» ойыны, артикуляциялық жаттығулар жүргізілді.

Қорытынды: ПМПК қорытындысы мен ұсынысы негізінде мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдау (психолог, арнайы педагогтар) жұмыстары бойынша дәлелді құжаттар <http://rodnikovskaya.martuk.edu.kz/kz> сайтына қайта аттестаттау бөліміне жүктелді.

3. «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсының тақырыптарын тәрбие сағаттарына кіріктіріп өткізілу шараларын алу, мәліметті ұсыну

2023-2024 оқу жылында 2 «а» сыныбында «BilimClass» электронды журналында сынып сағаты бөлімінде «Жолда жүру ережелері» тақырыптары ұсынылмаған. Сынып жетекшісі – Рапнева Татьяна Владимировна.

Мұғалімнен 14.11.2024ж түсініктеме алынып, 2024 ж 18.12 №209 н/к бұйрығымен ескерту берілді.

2024-2025 оқу жылының 1-тоқсаны бойынша 7 «а», 7 «ә», 8 «а», 8 «ә» сыныптарында «BilimClass» электронды журналында «Жолда жүру ережелері» оқу курсы бойынша арнайы жеке бет ашылды, алайда 1-тоқсанның тақырыптары ұсынылмағаны анықталды. Қазіргі таңда жоғарыда аталған кемшіліктер жойылды. Аталған кемшіліктер мектептің кезектен тыс педагогикалық кеңесінде қаралып, мұғалімдерден түсініктеме алынып, 2024 ж 17.12 №209 н/к бұйрығымен 7 «а», 7 «ә», 8 «а», 8 «ә» сыныптарының сынып жетекшілеріне ескерту берілді.

Қорытынды: 2023-2024 оқу жылында жіберілген кемшіліктер бойынша Рапнева Татьяна Владимировнадан түсініктеме алынып, бұйрық бойынша ескерту берілді. 2024-2025 оқу жылының 1-тоқсанында анықталған кемшіліктер толық жойылды, тақырыптар «BilimClass» электронды журналына толтырылды. 7 «а», 7 «ә», 8 «а», 8 «ә» сыныптарының сынып жетекшілерінен түсініктеме алынып, бұйрық бойынша ескерту берілді.

Мұғалімдерден алынған түсініктемелер, ескерту беру туралы бұйрық көшірмесі, педагогикалық кеңес хаттамасының көшірмесі <http://rodnikovskaya.martuk.edu.kz/kz> сайтына қайта аттестаттау бөліміне жүктелді.

4. Мектеп басшысының және басшы орынбасарларының үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру курсынан өткені туралы мәліметті Әдістемелік ұсынымның 7-қосымшасына сәйкес ұсыну

Қазақстан Республикасы Оқу-Ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен анықталған «Мектеп басшысының және басшы орынбасарларының үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру курсынан өтпеу» кемшілігін жою мақсатында 2024 жылдың 18-29 қараша аралығында мектеп директорының м.а. Н.Кундебаев, директордың оқу ісінің орынбасарлары Д.Кургамбекова, З.Абилова және директордың тәрбие ісінің орынбасарлары Д.Тукибаева мен Г.Муханова, директордың оқу ісінің орынбасары Б.Ешжанова 2.12-13.12 аралығында «Білім берудегі менеджмент» тақырыбында 80-сағаттық курстан өтті.

№	Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса)	Негізгі жұмыс орны (ұйымның мекенжайы, лауазымы, өтілі)	Лауазымы, оқытылатын пәні	Бейін бойынша біліктілікті арттыру курстарынан соңғы өткен күні	Біліктілікті арттыру курстарын өткізу ұйымы
1	Кундебаев Нурхат Досыбаевич	Родниковка ЖОББМ, мектеп директорының м.а., 2 жыл	мектеп директорының м.а., дене шынықтыру пәнінің мұғалімі	18.11-29.11.2024ж	Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ
2	Абилова Замзагуль Куанышевна	Родниковка ЖОББМ, мектеп директорының оқу ісі орынбасары, 10 жыл	мектеп директорының оқу ісі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі	18.11-29.11.2024ж	Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ
3	Кургамбекова Динара Унирбековна	Родниковка ЖОББМ, мектеп директорының оқу ісі орынбасары,	мектеп директорының оқу ісі орынбасары, физика пәнінің мұғалімі	18.11-29.11.2024ж	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ
4	Ешжанова Ботагоз Сағынышовна	Родниковка ЖОББМ, мектеп директорының оқу ісі орынбасары,	мектеп директорының оқу ісі орынбасары, бастауыш сынып мұғалімі	2.12-13.12.2024ж	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ
5	Тукибаева Динара Кабыловна	Родниковка ЖОББМ, мектеп директорының тәрбие ісі орынбасары,	мектеп директорының оқу ісі орынбасары, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі	18.11-29.11.2024ж	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ
6	Лукьяненко Надежда Ивановна	Родниковка ЖОББМ, мектеп директорының тәрбие ісі орынбасары,	мектеп директорының оқу ісі орынбасары, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі	20.06.-01.07.2022ж	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ
7	Муханова Гулгул Есмырзасевна	Родниковка ЖОББМ, мектеп директорының тәрбие ісі орынбасары, 4жыл	мектеп директорының оқу ісі орынбасары, география пәнінің мұғалімі	18.11-29.11.2024ж	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ

Қорытынды: Мектеп директоры мен директордың оқу-тәрбие ісінің орынбасарлары қайта даярлау курсынан өтті. Сертификат көшірмелері, №7 қосымша мектептің <http://rodnikovskaya.martuk.edu.kz/kz> сайтына қайта аттестаттау бөліміне жүктелді.




5.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының жоба, эссе, диктант, мазмұндама, шығарма, тестілеу, т.б.) мен педагог уақытын дербес айқындайды. 13-тармағы «Оқу пәндерінің күнделік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үштен артық ТЖБ өткізуге болмайды. ТЖБ тоқсан аяқталатын соңғы күні өткізілмейді» талаптарын сақтау, жұмыстану, мәліметін ұсыну

Қазақстан Республикасы Оқу-Ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен анықталған кемшіліктер қатарында 2023-2024 оқу жылында І,ІІ тоқсанында 3-тен көп ТЖБ алынып, ІІ тоқсанында информатика пәнінен тоқсан аяқталуының ТЖБ алынған. Аталған қателіктерді болашақта болдырмау мақсатында 2023-2024 оқу жылында бекітілген БЖБ, ТЖБ кестесіне сәйкес емес БЖБ, ТЖБ өткізген мұғалімдердің қателіктері 15.11 күні №4педагогикалық кеңесте қаралды. 2024 ж 17.12 №209 н/қ бұйрығымен ескерту берілді. Сонымен қатар, пән мұғалімдерінен, атап айтқанда Б.Рысбаев, Л.Бакова, А.Мендибаева, А.Кумарова, Р.Абилов, М.Кульмуханов, М.Кульмуханова, Ч.Давлеткереев, Р.Кинжатова,

Г.Абилова, Д.Мырзабаев, Г.Карагулова, Н.Лукьяненкодан түсініктеме алынды.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының жоба, эссе, диктант, мазмұндама, шығарма, тестілеу, т.б.) мен педагог уақытын дербес айқындайды. 13-тармағы «Оқу пәндерінің күнделік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үштен артық ТЖБ өткізуге болмайды. ТЖБ тоқсан аяқталатын соңғы күні өткізілмейді» талаптарын сақтау, жұмыстану, мәліметін ұсыну бойынша жасалған жұмыстар мектептің домендік сайтының (<http://rodnikovskaya.martuk.edu.kz/kz>) қайта аттестаттау бөлімшесіне салынды.



Комиссия төрағасы		Кундебаев Нурхат Досыбаевич (толық аты-жөні)
Комиссия мүшелері		Абилова Замзагуль Куанышевна (толық аты-жөні)
		Кургамбекова Динара Унирбековна (толық аты-жөні)
		Ещжанова Ботагоз Сагынышовна (толық аты-жөні)
		Лукьяненко Надежда Ивановна (толық аты-жөні)
		Тукибаева Динара Кабыловна (толық аты-жөні)
		Муханова Гулгул Есмырзаевна (толық аты-жөні)
		Урдабаева Умитгуль Утеубаевна (толық аты-жөні)
		Рашитова Ақнұр Рашитқызы (толық аты-жөні)